

A stylized, light-colored illustration of a plant with a central stem, several large leaves, and a cluster of small, round buds or flowers at the top, set against a dark brown background.

ШАРУАШЫЛЫҚТА МАЛДЫН
ЖҰҚПАЛЫ ЕМЕС АУРУЛАРЫНЫҢ
АЛДЫҢ АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ
ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ

Орындаған: Жарқынбекова М.И

406- топ

- Практика көрсеткеніндей жануарлардың жалпы патологияларында жұқпал емес аурулар 93-95% құрайды, себебі республикада жыл сайын республикалық бюджет есебінен инфекциялық ауруларға қарсы жоспарлы диагностикалық және профилактикалық шаралар өткізіліп отырады. Бұдан қорытарымыз малшаруашылығындағы ең үлкен шығындар – жұқпалы аурулардан келтіріледі.

- Жұқпалы емес ауруларға қарсы ветеринариялық шаралар жануар иелерінің есебінен қаржыландырылады, оларды профилактикалау жоспарлары тек аудандардың шаруашылықтары деңгейінде ғана құрылады.



Осыған орай жануарлардың жұқпалы емес ауруларына қарсы шараларды ұйымдастыру маңызды жұмыс болып табылады да келесі шаралар кешенінен құралады:

- жұқпалы емес аурулар оқиғаларын тіркеу;
- жануарлардың жаппай ауыру және өлім-жітімге ұшырау себептерін айқындау;
- ауру жануарларды анықтап, емдеу;
- травматизмді профилактикалау;
- рациондарды өзгерту;
- жануарларды ұстауға қатысты кемшіліктерді жою;
- фермалардың, кешендердің лагерлердің аббаттандырылуы мен ветеринариялық-санитариялық күйі;
- бұқаралық-насихаттау жұмыстарын ұйымдастырып, өткізу.



- Зат алмасуы бұзылуларына, улануларға, жас жануарлардың т. рлі этиологиядағы жаппай фактордағы ауруларына қатысты жұқпалы емес аурулар орын алуын уақытында тіркеп отыру керек. Бұл уақытында зертханалық-клиникалық зерттеу өткізу, жануар ауруларын тудырып отырған себептерді анықтап, жою, уақытында ем тағайындау мүмкіндігін береді. Жұқпалы емес аурулар кезіндегі емдеудің басты принциптері - физиологиялығы, белсенділігі және кешенді болуы, бұларды ұстанғанда жануарлардың жылдам сауығуы, олардың өнімділігі мен ұдайы өндіру функцияларының қалпына келуі қамтамасыз етіліне алады

- Қолайсыз болжамдар мен емнің жеткілікті түрде тиімді болмауы кезінде, сонымен қатар экономикалық тұрғыдан алғанда нәтижесіз болуы байқалғанда ауру жануарлар сойыс орындарына жіберіледі.



- Нарықтық экономика жағдайында емдік жұмыстың ұйымдастырылуының бірқатар ерекшеліктері бар. Олар жануарлардың саулығы мен сақталуына қатысты жауапкершілікті заңды және жануар иелері-жеке тұлғалар тартылатынын білдіреді. Олар бұл жұмысты ұйымдастыруға және материалдық қамтамасыз етуге міндетті. Шаруашылықтарға, фермерлерге, жеке меншік иелеріне қызмет көрсететін ветеринар дәрігерлері кәсіби тұрғыдан келісім-шарт негізінде немесе келісіле отырып өткізілетін емдік-профилактикалық жұмыстардың дұрыстығына жауапты.

- Емдік көмек фермада, мал иесінің иелігінде, стационарлық жағдайларда өткізіліне алады. Сүт өндіру кешендеріндегі стационарлар жалпы сиыр бастарының 2-3% қамтитындай етіп есептелінеді. Шошқа шаруашылықтары кешендерінде емдік көмек тұрған орындарында немесе санитарлық станоктарда өткізіледі. Қойшаруашылығында емдік-санитариялық бекеттер (ЕСБ) құптау тапқан, олар Қазақстанда алғаш рет ХХ ғасырдың 60-шы жылдары құрылды. ЕСБ барлық ауру қойларды жинақтап, диагнозына қатысты топтастырып, ем тағайындалады, диеталық азықтандыру белгіленеді, сауыққан соң кері қайтарады немесе бордақылап, етке жібереді.
- ЕСБ жұмысын жұмыс көлемін ескере отырып шаруашылық басшысының бұйрығымен бекітеді, ветеринария мамандары мен қосалқы қызметкерлердің штаттық саны, материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз етілу мәселелері айқындалады. Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық Министрлігінде бекітілетін ЕСБ жұмыстарын ұйымдастыру туралы ұсыныстар болады.

- Емдік жұмыстар мемлекеттік ветеринариялық жүйе мекемелерінде өткізіледі, бұл жерлерде, әдетте манеждер, жануарларды стационарлық емдеуге арналған станоктар болады. Емдік ветеринариялық мекемелерде хирургиялық операциялар өткізілуі, терапиялық және акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету үшін жақсы жағдайлар жасалған.



- Шаруашылықтар мен ветеринариялық мекемелерде қолданылатын ресми құжаттар ретінде «Ауру жануарларды тіркеу журналы» мен стационарлық ауруларға «ауру тарихын» жүргізу қолданысқа ие, аталған құжаттарға қатысты нормалар «Ветеринариялық есепке алу мен ветеринариялық есеп беру бойынша нұсқамаларда» көрсетілген.
- Жұқпалы емес ауруларды профилактикалау шаралары кешенінде тиімді де толыққұнды азықтандыруға, азықтандыру және бағып-күту, ұстау гигиенасына көңіл бөлу маңызды рөл бөлінеді. Малшаруашылық нысандарында микроклиматты ұйымдастыру жануарлар денсаулығын сақтаудағы маңызды шара болып саналады.

Назар аударғандарыңызға рахмет!!!

